

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҚЫЗЫЛОРДА БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Бекітемін
«Болашақ» университетінің
ректоры м.а.з. ғ.к.
А.М. Шильманова
«Қызылорда Болашақ
университеті» 2022 жыл



**«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ТҮЛЕКТЕР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Қызылорда, 2022 жыл

«Болашақ» университетінің түлектер Қауымдастығы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Болашақ» университетінің түлектер Қауымдастығы – өзін-өзі басқаруға негізделген университет білім алушылары мен түлектерінің ортақ қызығушылығын анықтайтын іс-әрекеттерді жүзеге асыру мақсатында құрылған ерікті қоғамдық бірлестік.

1.2. Қауымдастық осы Ережеге сәйкес «Болашақ» университетінің Жарғысына сәйкес құрылды және осы Ережеге сәйкес заңды тұлға болып табылмайды. Қауымдастықтың барлық қызметі «Болашақ» университеті арқылы жүзеге асырылады.

1.3. «Болашақ» университеті түлектер Қауымдастығының қызметі шектелмеген.

2. «Болашақ» университеті түлектер Қауымдастығының мақсаты мен міндеттері

2.1. Түлектер Қауымдастығы университеттің барлық жылдарындағы білім алушалар мен түлектер арасындағы беделді және ұжымдық рух, білім беру, ғылыми және мәдени деңгейді дамытуды жоғарылату, түлектер мен оқытушылар арасындағы ақпараттық алмасуды нығайту мақсатында құрылды.

2.2. «Болашақ» университеті түлектер Қауымдастығының міндеттері

- түлектер Қауымдастығы мүшелерінің кездесуіне жағдайлар жасау;
- университеттің үздік дәстүрлерін сақтау және дамытуға жәрдемдесу;
- жастарға кәсіптік бағдар беру жұмысына қатысу, университет түлектерінің жұмысқа бөлінуі мен орналасуына жәрдемдесу;
- «Болашақ» университеті түлектерінің ақпараттық мәліметтер базасын жүргізу;
- «Болашақ» университеті ынтымақтастығын кәсіби қоғамдар, мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдар, коммерциялық және қоғамдық ұйымдарымен тиімді қамтамасыз ету және орнату;
- әр жылғы түлектермен мерейтойлық кездесулер ұйымдастыру және өткізу;
- Қауымдастық мүшелері жұмыс жасайтын орындарда ғылыми-тәжірибелік және басқа да оқу орнының даму мәселелерін шешуде «Болашақ» университеті ғылыми әлеуетін тарту;
- университеттің материалдық-техникалық базасының бекуіне жәрдемдесу;

3. Құрылым және басқару

3.1. Қауымдастықтың жалпы басқару қызметін «Болашақ» университеті түлектерінің кеңесі атқарады, оның құрамы университет түлектерінің өкілдерінен құралады. Кеңес құзырлығына келесі міндеттер кіреді:

- «Болашақ» университеті түлектерінің Қауымдастығы» туралы Ережені қабылдау және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

- басқарушы ұйымдарды таңдау және олардың жұмысы туралы есепті тыңдау;

- Қауымдастықты қайта құру және тарату;

3.2. Кеңес мүшелері санынан ашық дауыспен, яғни ішінен қарапайым көпшілік дауыспен 3 жылға сайланған төраға кеңес жұмыстарының басшылығын тікелей жүзеге асырады;

3.3. Кеңес мүшелерін сайлау университет түлектерінің жалпы жиналысында көпшіліктің ашық дауыс беруімен жүргізіледі.

3.4. Қауымдастық қызметі «Болашақ» университеті тәрбие жұмысының басқармасымен үйлестіріледі.

3.5. Түлектер Қауымдастығы мүшелерінің жалпы жиналысы екі жылда бір рет шақырылады.

4. Қауымдастыққа мүшелік және оны ұйымдастыру

4.1. «Болашақ» университеті түлектер Қауымдастығын құрушы университет түлектері болып табылады, жалпы жиналыста түлектер Қауымдастығы туралы Ережені қабылдайтын және оны басқарушы органды қалыптастырушы. Қауымдастықты ұйымдастырушылар оның мүшелері болып табылады, соған сәйкес құқықтар мен міндеттерді иеленеді.

4.2. Қауымдастық мүшелігіне «Болашақ» университеті түлектер қауымдастығының ережелерін қабылдайтын, Қауымдастыққа кіруге өтініш білдірген кез-келген жастағы түлектер кіреді.

5. Қауымдастық мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

5.1. Қауымдастық мүшелері құқылы:

- Қауымдастықты басқару жұмысына қатысу, келешекке арналған және ағымдағы жоспарларды әзірлеу, Қауымдастық кеңесін сайлау және сайлануға;

- «Болашақ» университеті түлектері Қауымдастығының жұмысын атқару үшін материалдық, консультациялық және басқа көмек көрсетуге;

- «Болашақ» университеті түлектері Қауымдастығының басқарушы органдарын сайлау және сайлануға;

- «Болашақ» университеті түлектері Қауымдастығының шаралары мен дәрістеріне қатысуға;

- Университет басшылығымен келісе отырып, жариялануға;

- «Болашақ» университеті түлектері Қауымдастығынан өз еркімен шығуға;

- Қауымдастыққа тиесілі барлық іскерлік ақпараттар, «Болашақ» университеті түлектері Қауымдастығы іске асыратын басқа да қызмет түрлерін толық көлемде пайдалануға;

- Қауымдастыққа өз құқықтары мен заңмен қорғалатын қызығушылықтарын қорғауға, т.б. қажетті көмек көрсету.

5.2. Қауымдастық мүшелері міндетті:

- «Болашақ» университеті түлектері Қауымдастығы ережесінің шарттарын сақтау және орындауға;

- «Болашақ» университеті түлектері Қауымдастығының алдында тұрған мәселелерді шешуде белсенді ат салысуға;

- «Болашақ» университеті түлектері Қауымдастығының шешімімен ұйымдастырылатын іс-шараларға қатысуға;
- Кеңеске жұмыс орны және қызметі, мекен-жайы, телефон номерлерінің өзгерісі жайында уақытында хабарлауға;
- Түлектің абыройы мен ар-намысын сақтауға;
- Әрбір қатысушының қызметі Ережеде бекітілген мақсат пен міндеттерге қарама-қарсы келсе, «Болашақ» университеті түлектері Қауымдастығындағы мүшелігі тоқтатылады.


6. «Болашақ» университеті түлектері Қауымдастығы қызметінің тоқтатылуы

6.1. Егер мүшелер ортақ қызметтерінің жалғасуына қызығушылық білдірмесе, Қауымдастық таратылады;

6.2. Қауымдастықты тарату жөніндегі шешім «Болашақ» университеті түлектері Қауымдастығының жалпы жиналысында қабылданады.


Келісілді

Академиялық мәселелер жөніндегі
басқарма басшысы



Сайлаубекова Н.С.

Студенттік бөлім басшысы



Тыныштықбаев Н.Ж.

Білім беру және педагогика жоғары
мектебінің деканы



Серкебаев Д.Ж.

Бизнес, техника және технология
жоғары мектебінің деканы



Тасболат F.Ж.